

Балалар тауарларын қосылған құнға салынатын салықтан босату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 тамыз 1992 ж. N 673. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қосылған құнға салынатын салық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылдың 1 қазанынан бастап қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын, Қазақстан Республикасында өндірілетін және халыққа сатылатын балалар тауарлары түр-түрінің осыған қосылған Тізбесі бекітілсін.

2. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын сауда кәсіпорындары мен ұйымдары сауданың қосымша құнға салынатын салық жөніндегі бюджетпен өзара есеп айырысуына өзгерістер енгізу есебінен балалар тауарлары түр-түрінің қалдықтарын қайта бағалайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 12 тамыздағы
N 673 қаулысымен
Бекітілген

**Қосылған құн салығынан босатылатын
балалар тауарлары түр-түрінің**

Тізбесі

Тігін бұйымдары (таза жүн мен табиғи жібек маталардан жасалған бұйымдардан басқалары)

Сыртқы трикотаж (таза жүннен иірілген бұйымдардан басқалары)

Іш киімдік трикотаж

Нәрестелерге арналған іш киім

Шұлық-ұйық бұйымдары

Бас киім, шарф, қолғап

Аяқ киімнің барлық түрлері

Портфель, ранец, жасанды теріден жасалған оқушы сөмкелері

Бас киімдердің барлық түрлері, оның ішінде мехтан тігілген

Арбашалар, велосипедтер, спорт жабдықтары
О й ы н ш ы қ т а р
Оқушы дәптерлері, сурет салатын альбомдар, кітаптар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК